

ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕГІ ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

**"Қарағанды Жарық"
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

" Қарағанды Жарық " ЖШС

Қарағанда, 2005

Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының проспектісі

Осы облигациялар шығарылымының проспектісі уәкілетті органмен 2005 жылғы «__» «_____» тіркелген «Қарағанды Жарық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің облигациялық бағдарлама проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Шығарылым құрылымы:

1) облигациялардың түрлері: атаулы купонды, қамтамасыз етілмейді;

2) облигациялар шығарылымының мөлшері және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

облигациялар шығарылымының мөлшері: 7 000 000 (жеті миллион) дана;

облигациялар шығарылымының жалпы көлемі: 700 000 000 (жеті жүз миллион) теңге;

3) бір облигацияның номиналды құны: 100 (жүз) теңге;

4) облигация бойынша сыйақылар:

облигация бойынша сыйақылар ставкасы:

14% жылдық (он төрт пайыз)

Сыйақы төленетін мерзім – облигациялар айналымы басталған мерзім. Облигациялар айналымы басталатын мерзім «Қазақстан биржа қоры» АҚ бағалы қағаздардың ресми тізіміне енгізілген мерзім болып табылады.

Сыйақыны төлеу кезектілігі және мерзімі – облигациялар бойынша сыйақыны есептеу айналым мерзімінді жүргізіледі және облигацияның өтелетін мерзімінде аяқталады. Сыйақыны төлеу теңгемен жылына бір рет уақытша база есебінен 360/30 (жылына 360 күн/ айына 30 күн) айналым мерзімінде жүргізіледі.

Төлем тәртібі және шарттары – Сыйақыны төлеу теңгемен осы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнгі жағдайы бойынша осындай төлемді алуға құқылы облигация ұстаушыларының ағымдық шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі. Сыйақыны төлеу облигация бойынша сыйақы алуға құқылы облигация ұстаушыларының реестрін белгілегеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Сыйақыны соңғы төлеу теңгемен облигацияны өтеумен бірге жүргізіледі.

Егер облигация ұстаушылары Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, купонды сыйақыны төлеу теңгемен жүргізіледі. Бұл үшін оның Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болуы шарт. Сыйақы сомасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен төлем мерзімінде бекітілген бағам бойынша теңгеден басқа валютаға айырбастау қарастырылуы мүмкін. Ол үшін облигация ұстаушысынан тиісті өтініш келіп түсуі керек. Соманы теңгеден басқа шетел валютасына айырбастау облигация ұстаушысы есебінен жүргізіледі.

Сыйақыны төлеу үшін облигация ұстаушыларының реестрін белгілеу – реестр осы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күні басталғанда белгіленеді.

Сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі – купонды сыйақыны төлеу уақытша база есебінен 360/30 (жылына 360 күн/ айына 30 күн) жүргізіледі.

Индекстелген облигациялар шығарылымында есептесу тәртібі – осы шығарылым облигациялары индекстелмеген.

5) облигациялардың айналымы және өтелуі туралы мәліметтер:

Айналым мерзімі – айналым мерзімінен бастап 5 (бес) жыл.

Оларды өтеу шарттары - өтеу мерзімінде соңғы купонды төлеумен бірге теңгемен осы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнгі жағдайы бойынша осындай төлемді алуға құқылы облигация ұстаушыларының ағымдық шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі. Сыйақыны төлеу облигацияның номиналды құнын алуға құқылы облигация ұстаушыларының реестрін белгілегеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Облигацияларды өтеу мерзімі

Облигацияларды өтеу мерзімі облигация айналымы аяқталған мерзім болып табылады.

Мерзімінен бұрын өтеу

Осы облигациялар шығарылымы бойынша мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеу немесе сатып алу қарастырылмаған.

Облигациялар шығарылымы өтелетін орын

Облигация бойынша сыйақы төлеу және облигацияның номиналды құнын төлеу оларды өтеу кезінде Эмитенттің орналасқан жерінде жүргізіледі:

Қазақстан Республикасы, 100012, Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 115-үй.
телефон (8-3212) 56-27-27, 56-07-84

Облигацияларды өтеу тәсілі

Негізгі берешек сомасын өтеу облигация ұстаушыларының реестріндегі деректерге сәйкес облигация ұстаушыларының ағымдық шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

Дефолта жағдайы

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт – бұл осы проспектімен бекітілген сыйақыны төлеу немесе негізгі берешекті өтеу мерзімі аяқталған соң он күнтізбелік күн ішінде сыйақыны және/немесе облигация бойынша номиналды құнды төлемеу немесе толық төлемеу.

Эмитентпен купонды сыйақыны немесе негізгі берешекті төлемеу немесе толық төлемеу жағдайында, Эмитент осы шығарылымның облигациялар ұстаушыларына ақша міндеттемесін немесе оның бөлігін орындау күнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сәйкес есептелетін мерзімі өткен әрбір күнге өсім ақы төлейді.

Дефолт жағдайы туындағанда Эмитент Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен бекітілген жауапкершілікке тартылады.

Облигация бойынша дефолт жағдайы туындағанда Эмитент дефолт жағдайын тудырған барлық себептерді жояды және облигациялар ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз етеді.

Эмитентпен купонды сыйақыны немесе негізгі берешекті бекітілген мерзім ішінде төлемеу немесе толық төлемеу жағдайында, Эмитент осы шағырылымның облигациялар ұстаушыларына ақша міндеттемесін немесе оның бөлігін орындау күнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сәйкес есептелетін мерзімі өткен әрбір күнге өсім ақы төлейді.

Дефолт жағдайы туындағанда Эмитент Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен бекітілген жауапкершілікке тартылады.

б) облигация ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар:

- осы облигациялар шығарылымының проспектісімен қарастырылған мерзімде номиналды құнды алу құқығы
- осы облигациялар шығарылымының проспектісімен қарастырылған мерзімде сыйақылар алу құқығы
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен ақпаратты алу құқығы
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте өздерінің талаптарын қанағаттандыру құқығы
- Облигацияларды ерікті түрде иелігінен айыру және олар қатысында өзге тәсілмен билік жүргізу
- облигацияның меншік құқығында қарастырылған басқа да құқықтар

Директор

Бас бухгалтер

М.О.